

Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсан N 271 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі N 339-IV Заңымен

МАЗМҰНЫ

Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2010.07.15 N 339-IV (колданысқа енгізілу тәртібін 111-баптан қараңыз) Заңымен.

Осы Заң жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы қызметін мемлекеттік реттеудің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) авиамаршрутқа арналған куәлік - авиациялық маршрутты пайдалану құқығына берілген құжат;
- 2) авиациялық қызмет көрсетулер - азаматтық авиацияның жолаушылардың, багаждың, жүктің және почтаның әуе тасымалдарын ұйымдастыру мен қамтамасыз етуге және авиациялық жұмыстарды орындауға байланысты қызмет көрсетулері;
- 3) авиациялық маршрут (авиамаршрут) - үстінде авиатасымалдар пункттері арасындағы әуе қатынасы жүзеге асырылатын жер бетінің географиялық сипаттамасы немесе географиялық сипаттамалар құрастырылымы;
- 4) авиациялық техника - азаматтық әуе кемелері, олардың жабдығы, жинақтаушы бұйымдары, двигателдері, тренажерлері және азаматтық әуе кемелеріне жерде қызмет көрсету құралдары;
- 5) авиация персоналы - авиациялық бағдардағы кәсіби даярлығы бар, ұшуды ұйымдастыру, әуе кемелерінің қозғалысын басқару, әуе кемелеріне қызмет көрсету, авиациялық жұмыстарды орындау жөніндегі, сондай-ақ тасымалдарды, ұшу қауіпсіздігін немесе авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар;
 - б) азаматтық авиация - мынадай мақсаттарда:
 - а) жолаушылар, багаж, жүк және почта тасымалдау (әуе тасымалдары);
 - б) авиациялық жұмыстарды орындау;

в) оқу, спорт, мәдени-ағарту шараларын жүргізу, техникалық шығармашылықты дамыту;

г) әуе кемесі пайдаланушысының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру;
д) іздестіру-құтқару және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу, дүлей апаттар бола қалған жағдайда көмек көрсету мақсатында пайдаланылатын авиация;

7) азаматтық авиация ұйымы - азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

8) азаматтық әуе кемесі - азаматтық авиацияда пайдаланылатын және Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген әуе кемесі;

9) әуе еркіндігі - тұрақты халықаралық әуе тасымалдарына қатысты бір мемлекет екінші мемлекетке немесе мемлекеттерге жолаушылар, багаж, жүк және почта тасымалдау үшін өз аумағында ұшу мен қонуды жүзеге асыруға беретін тасымалдау құқығы;

10) әуе тасымалдары - жеке және заңды тұлғалардың азаматтық әуе кемелерімен жолаушылар, багаж, жүк және почта тасымалдау жөніндегі қызметі;

11) Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімі - Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін, оларға құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу жүргізілетін құжат;

12) тұрақты емес (чартерлік) рейс - тұрақты авиатасымалы болып табылмайтын коммерциялық әуе тасымалы;

13) тұрақты рейс - бекітілген кестеге сәйкес орындалатын рейс;

14) уақытша басқару - әуежай пайдаланушыдағы сертификаттың қолданылуын тоқтата тұру немесе оны кері қайтарып алу кезінде енгізілетін басқару;

15) уәкілетті орган - азаматтық авиация саласында мемлекеттік саясат жүргізуді, азаматтық және эксперименттік авиация қызметіне мемлекеттік бақылау мен қадағалауды, оны үйлестіру мен реттеуді және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы;

16) ұшу жарамдылығы - азаматтық әуе кемесінің қауіпсіздігі мен ұшу сапасын қамтамасыз ететін ұшу-техникалық сипаттамаларына жауап беретін азаматтық әуе кемесінің техникалық жай-күйі;

17) ұшу қауіпсіздігі - ұшудың қауіпсіз жүргізілуін қамтамасыз ететін шаралар кешені, азаматтық әуе кемесінің және авиациялық қызметтер мен (немесе) жұмыстардың адам өмірі мен денсаулығына қатерсіз ұшуды орындауға қабілеттілігін айқындайтын кешенді сипаттамасы.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.29. N

209 , өзгерту енгізілді - 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан, әуе кеңістігін пайдалану және Қазақстан Республикасы авиациясының қызметі мәселелерін реттейтін заң актісінен және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

Осы Заңның күші азаматтық авиация ұйымдарына және қызметі әуеде ұшуды орындау мен қамтамасыз етуге байланысты пайдаланушыларға қолданылады.

2-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТІ

4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу саласындағы өкілеттігі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттігіне мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы халықаралық ы н т ы м а қ т а с т ы ғ ы ;

2) авиациялық қауіпсіздік ережелерін бекіту;

3) азаматтық әуе кемелерімен тасымалдауға арналған қауіпті жүктердің т і з б е с і н б е к і т у ;

4) а л ы п т а с т а л д ы

5) Қазақстан Республикасының әуе кемелерін, оларға берілетін құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді, сондай-ақ оларға берілетін құқықтарды куәландыратын құжаттардың нысанын мемлекеттік тіркеу тәртібін айқындау;

6) а л ы п т а с т а л д ы

7) а л ы п т а с т а л д ы

7 - 1) а л ы п т а с т а л д ы

8) авиамаршрутка конкурс өткізу ережелерін бекіту;

9) авиамаршруттарға куәліктер беру ережелерін бекіту;

10) авиамаршруттарға субсидиялар жұмсау тәртібін бекіту;

11) тағайындалған тасымалдаушыны анықтау;

12) флагмандық әуе тасымалдаушысын анықтау және оны анықтау

ережелерін бекіту;

13) рұқсаттар беру ережелерін бекіту;

14) уақытша басқару енгізуге келісім беру;

15) алып тасталды

15-1) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын шетел авиакомпаниялары мен ұйымдарын, олардың филиалдары мен өкілдіктерін аккредиттеу тәртібі мен шарттарын айқындау.

16) алып тасталды

17) азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы нормаларын белгілеу;

18) азаматтық әуе кемелерін және аса жеңіл авиацияның әуе кемелерін пайдаланушының сертификаттарын, тип сертификаттарын, аэродромның жарамдылық сертификаттарын, ұшу жарамдылығы сертификаттары мен нұсқа сертификаттарын сертификаттау және беру тәртібін бекіту;

19) азаматтық авиация саласындағы еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік санитарияны қамтамасыз ету тәртібін айқындайтын, сондай-ақ ұшуларға аэронавигациялық қызмет көрсету жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

20) ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

21) ұшуды және авиациялық электр байланысын радиотехникалық қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту;

22) азаматтық авиация саласындағы техникалық регламенттерді бекіту.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.29. N 209, 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-бап. Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті органның құзыреті

1. Уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

1) азаматтық әуе кемелерін ұшуға жарамды етіп ұстауды бақылау;

2) ұшу қауіпсіздігі ережелерінің, авиациялық қауіпсіздік ережелерінің және адам өмірі, денсаулығы, қоршаған орта үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі азаматтық авиация саласындағы өзге де нормативтік құжаттардың сақталуын бақылау;

3) халықаралық әуе тасымалдарының жүзеге асырылуын бақылау;

4) азаматтық авиация қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер әзірлеу;

5) халықаралық азаматтық авиация ұйымдарында халықаралық

ынтымақтастықты, оның ішінде Қазақстан Республикасының атынан өкілдік е т у д і жү з е г е а с ы р у ;

б) әуе қатынасы мәселелері жөніндегі халықаралық шарттарды іске асыру;

7) а л ы п т а с т а л д ы

8) азаматтық әуе кемелерін және аса жеңіл авиацияның әуе кемелерін сертификаттау және оларды пайдаланушының сертификаттарын, тип сертификаттарын, аэродромның жарамдылық сертификаттарын, ұшу жарамдылығы сертификаттары мен нұсқа сертификаттарын беру;
қ а р а ң ы з . V 0 5 3 7 4 3

9) жолаушылар, багаж, жүк және почта тасымалдау ережелерін бекіту;

10) тұрақты ұшу кестесін бекіту;

11) ішкі авиамаршруттарды бекіту;

12) тұрақты емес ұшуға рұқсаттар беру, сондай-ақ тұрақты емес ұшуға рұқсаттар беру ережелерін және осы рұқсаттарды беруден бас тарту негіздерін б е л г і л е у ;

13) Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісе отырып уақытша басқаруды енгізу және уақытша әкімшілікті жасақтау;

14) азаматтық әуе кемелерінің техникалық пайдаланылуын бақылау е р е ж е л е р і н б е к і т у ;

15) авиамаршрутты пайдалану шарттарын айқындау;

16) авиамаршруттарға куәліктер беру;

17) техникалық регламенттерді әзірлеу;

18) авиация техникасын, әуежайларды, аэродромдарды меншікке сатып алуға, мүліктік жалға, лизингке, сенімгерлік басқаруға алуға, сондай-ақ өзге де пайдалану құқығына рұқсаттар беру;

19) Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін, оларға берілетін құқықтарды және олармен жасалған мәмілелерді мемлекеттік тіркеу;

20) аса жеңіл авиация аэродромдарының жарамдылығын анықтау тәртібін бекіту және аса жеңіл авиацияның авиациялық персоналын аттестаттаудан өткізу ;

21) флагмандық әуе тасымалдаушысын айқындау ережелерін әзірлеу;

22) ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік талаптарының бұзылу есебін ж ү р г і з у ;

23) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау;

24) азаматтық авиация саласында ғылыми зерттеулер ұйымдастыру;

25) авиациялық персоналды қайта даярлау бағдарламаларын бекіту;

26) авиациялық персонал қызметтерінің басшысы мен мамандары лауазымына біліктілік талаптарын бекіту;

26 - 1) а л ы п т а с т а л д ы

26-2) Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының жердегі радиосәулелендіру құралдарын мемлекеттік тіркеу ережелерін бекіту және олардың жарамдылық куәліктерін беру;

26 - 3) а л ы п т а с т а л д ы

26-4) өз құзыреті шегінде әуежай қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер қабылдау;

26-5) азаматтық авиация саласында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу жөнінде нормативтік құқықтық актілер қабылдау;

26-6) әуе кемелерін есептен шығару ережелерін қабылдау;

26 - 7) а л ы п т а с т а л д ы

26 - 8) а л ы п т а с т а л д ы

26 - 9) а л ы п т а с т а л д ы

26-10) азаматтық авиация саласында инспекциялық қарауды және инспекциялық тексеруді жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды тұлғаларына, авиациялық персоналдың қолданылып жүрген куәліктері бар, ұшуларды техникалық жағынан қамтамасыз ететін экипаж мүшелеріне, бортсеріктерге, инженерлік техникалық құрамға және ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісілгеннен кейін әуе кемесінің ұшу кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ететін персоналға халықаралық үлгідегі сәйкестендіру карточкаларын беру;

27) а л ы п т а с т а л д ы

28) киім нысаны (погонсыз) үлгілерін және айырым белгілерін, нысанды киім киіп жүру тәртібін, қамтамасыз ету нормаларын және азаматтық авиацияның оны киіп жүруге құқығы бар қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін бекіту;

29) Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін шетел авиакомпанияларын, олардың филиалдары мен өкілдіктерін аккредиттеу;

30) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту.

2. Уәкілетті органның лауазымды адамдарының:

1) азаматтық авиация ұйымдарының лауазымды адамдары мен пайдаланушыларға авиациялық қауіпсіздікті және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша орындалу мерзімін белгілей отырып нұсқаулар және инспекторлық нұсқамалар беруге;

2) азаматтық авиация ұйымдарының лауазымды адамдары мен пайдаланушылардан қажетті ақпарат, құжаттар, соның ішінде қаржылық

құжаттар сұратуға, сондай-ақ өз функцияларын орындау үшін қажетті түсініктемелер мен материалдар талап етуге;

3) авиациялық персонал куәліктерін, кеме, ұшу аэродром құжаттамасын және өзге де құжаттаманы тексеруге;

4) борттық құжаттаманың болуын, сондай-ақ, шетелдік әуе кемелерін қоса алғанда, азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығының талаптарына сәйкестігін тексеруге құқығы бар.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.29 N 209, 2007.01.12 N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV Заңдарымен.

3-тарау. АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

6-бап. Авиакомпаниялар

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбеге сәйкес авиациялық жұмыстарды жүзеге асыратын авиакомпанияларды қоспағанда, азаматтық әуе кемелерімен жолаушылар, багаж, жүк, почта тасымалдауды жүзеге асыратын және (немесе) азаматтық әуе кемелерімен авиациялық жұмыстарды орындайтын авиакомпаниялар осы Заңда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен акционерлік қоғам нысанында ғана құрылады.

2. Авиакомпанияның ресми мәртебесі әділет органдарында заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеумен, уәкілетті орган берген әуежай пайдаланушы сертификатының болуымен айқындалады.

Авиакомпания деген ресми мәртебесі жоқ бірде бір заңды тұлға " авиакомпания" деп атала алмайды немесе өзін авиациялық қызмет көрсетулерді және (немесе) жұмыстарды жүзеге асырушы ретінде сипаттай алмайды.

3. Шетелдік авиакомпаниялар Қазақстан Республикасы аумағындағы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін шетел авиакомпаниялары, азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын шетел ұйымдары, олардың филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен аккредиттелуге жатады.

Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін шетел авиакомпанияларын, олардың филиалдары мен өкілдіктерін аккредиттеуден:

1) Қазақстан Республикасының шет мемлекетпен жасасқан келісімдерінің қолданылуы тоқтатылған жағдайда немесе осындай келісімдердің Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін шетел авиакомпанияларын, олардың филиалдары мен өкілдіктерін ашуға қатысты шарттарымен айқындалған өзге де негізді;

2) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін шетелдік авиакомпанияларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін аккредиттеудің тәртібі мен талаптары сақталмаған жағдайларда бас тартады.

Шетел авиакомпанияларын аккредиттеу мерзімі аккредиттеу үшін қажетті барлық құжаттар ұсынылған күннен бастан отыз күннен аспайды.

4. Жолаушыларды, багажды, жүкті және почтаны тасымалдау жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісті дәрежеде орындалмаған жағдайда авиакомпаниялар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, Қазақстан Республикасының көлік туралы заң актілерінде, осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде, сондай-ақ тараптардың келісімдерінде белгіленген жауапкершілікте болады.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Авиамаршруттар

1. Авиамаршруттар халықаралық және ішкі авиамаршруттардан тұрады. Халықаралық авиамаршруттар Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдеріне сәйкес белгіленеді. Ішкі авиамаршруттарды уәкілетті орган белгілейді.

Авиамаршруттарды бөлу конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе ол уәкілеттік берген мемлекеттік органның шешімдері негізінде жүзеге асырылатын авиамаршруттар бойынша тұрақты тасымалдар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде жүзеге асырылатын, авиамаршруттың тиімді жұмыс істеуіне қажетті кіріс деңгейін қамтамасыз етпейтін тасымалдарға тиісті бюджетте көзделген қаражат есебінен субсидия берілуге тиіс. қараңыз.Р071344

3. Авиамаршрутқа берілген куәлік авиакомпанияның белгілі бір авиамаршрутта жолаушылар, багаж, жүк және почта тасымалдарын орындау құқығын куәландырады.

Авиамаршрут куәлігін тасымалдар түрлері мен аталған куәліктің қолданылу мерзімін көрсетіп уәкілетті орган береді.

Авиамаршрут куәлігін иеліктен айыруға болмайды және ол басқа жеке және заңды тұлғаларға беріп жіберілмейді.

Бір авиамаршрутқа бірнеше куәлік берілуі мүмкін.

Егер авиакомпанияда, болжамдалған кірісті ескермегенде, бекітілген кестеге сәйкес бір ай ішінде ұшуды қамтамасыз ету үшін қажетті қаржы қаражаты болмаған жағдайда, авиамаршрутқа куәлік беруден бас тартылуы мүмкін.

Авиамаршрут куәлігін беруге негіз болған шарттар бұзылған жағдайда, оны уәкілетті орган кері қайтарып алуы мүмкін.

4. Тұрақты емес ұшуды орындау уәкілетті органның рұқсатымен ғана жүзеге асырылады .

5. Басқа мемлекеттің немесе мемлекеттердің тағайындалған тасымалдаушысына қатысты әуе еркіндігін, тасымалдау құқығын беру шарттары әуе қатынастары туралы халықаралық келісімдермен белгіленеді.

8-бап. Ұлттық, тағайындалған, флагмандық тасымалдаушылар

Ұлттық тасымалдаушы - Қазақстан Республикасында тіркелген және әуежай пайдаланушы сертификаты бар әуе тасымалдаушысы.

Тағайындалған тасымалдаушы - әуе қатынасы туралы екіжақты немесе көпжақты халықаралық келісімнің шарттарына сәйкес әуе тасымалдарын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасынан тағайындалған әуе тасымалдаушысы.

Флагмандық тасымалдаушы - тұрақты және тұрақты емес халықаралық әуе тасымалдарын жүзеге асыру үшін мемлекет тағайындаған әуе тасымалдаушысы.

Қазақстан Республикасының флагмандық әуе тасымалдаушысын тағайындалған әуе тасымалдаушылары арасынан конкурстық негізде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды және оған халықаралық авиамаршруттарды пайдалану кезінде басымдық беріледі.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9 - б а п .

Ескерту. 9-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-бап. Азаматтық авиация саласындағы сәйкестікті растау

Сәйкестікті растау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады .

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.29. N 209 Заңымен.

11-бап. Азаматтық авиация ұйымдарының аудиті

Азаматтық авиация ұйымдары жыл сайынғы аудитті жүргізуге міндетті. Бұл талап Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тізбе бойынша авиациялық жұмыстарды жүзеге асыратын авиакомпанияларға қолданылмайды.

12-бап. Рұқсаттар

Азаматтық авиация ұйымдары авиациялық техниканы, аэродромдарды, әуежайларды меншікке сатып алуға, мүліктік жалға, лизингке, сенімгерлік басқаруға алуға, сондай-ақ өзге де пайдалану құқығына уәкілетті органнан р ұ қ с а т а л у ғ а м і н д е т т і .

Ұшу жарамдылығының нормаларына, мемлекеттік стандарттарға сәйкес келмеген, тиісті сертификат болмаған жағдайда уәкілетті орган рұқсат беруден бас тартады.

13-бап. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін, оларға берілетін құқықтарды және олармен жасалған мәмілелерді мемлекеттік тіркеу

1. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін оларға берілетін құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді уәкілетті орган Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде міндетті мемлекеттік тіркеуге тиіс. Уәкілетті органның азаматтық әуе кемелеріне меншік құқығын және басқа құқықтарды, сондай-ақ азаматтық әуе кемелеріне ауыртпалықтарды Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде есепке алу рәсімі мемлекеттік тіркеу болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелеріне құқықтар мемлекеттік тіркеу объектілері болып табылады. Мыналар:

- 1) меншік құқығы;
- 2) шаруашылық жүргізу құқығы;
- 3) оралымды басқару құқығы;
- 4) мүлікті жалға алу құқығы;
- 5) сенімгерлікпен басқару құқығы;
- 6) кепіл;

7) азаматтық әуе кемелеріне өзге де құқықтар, сондай-ақ осы құқықтардың ауыртпалықтары тіркелуге тиіс.

3. Мәмілелердің және өзге де заңды фактілердің нәтижесінде азаматтық әуе кемелеріне құқықтардың (ауыртпалықтардың) өзгертілуі мен тоқтатылуы да ті р к е л у г е т и і с .

3-1. Әуе кемесіне тіркелген құқықтар (құқықтар ауыртпалықтары) және онымен жасалатын мәмілелер туралы мәліметтер жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтардың және онымен жасалатын мәмілелердің бірыңғай мемлекеттік тізіліміне (құқықтық кадастрға) енгізілуге тиіс.

4. Мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесін уәкілетті орган

б е к і т е д і .

Ескерту. 13-бап 3-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2007.07.26. N 311 Заңымен.

14-бап. Уақытша басқару

1. Ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төнген жағдайда және азаматтық авиацияның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті органның Қазақстан Республикасы Үкіметімен келісе отырып халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежай пайдаланушыға қатысты уақытша басқару енгізуге құқығы бар.

2. Халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежай пайдаланушыны уақытша басқару халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежай пайдаланушыға қатысты әкімшілік, заңдық, қаржылық, ұйымдастыру-техникалық және өзге де кешенді іс-шаралар мен рәсімдерді мәжбүрлеп жүргізуді білдіреді.

Уақытша басқаруды енгізу туралы шешім бір тараптың екінші тарапқа бағынуына негізделген әкімшілік-биліктік шешім болып табылады және оны уәкілетті орган қабылдайды.

Сертификаттың қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда уақытша басқару сертификаттың қолданылуы тоқтатыла тұрған мерзімге енгізіледі.

3. Халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежай пайдаланушыны уақытша басқаруды уақытша әкімшілік жүзеге асырады.

Халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежай пайдаланушыны уақытша басқару оның қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежай пайдаланушыға уақытша басқару кезеңінде заңсыз әрекеттермен (әрекетсіздікпен) келтірілген зиян үшін уақытша әкімшілік мүшелері Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауаптылықта болады.

5. Халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежай пайдаланушыға уақытша басқару енгізу туралы уәкілетті органның шешімі бұйрықпен ресімделеді және мыналарды қамтуға тиіс:

1) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежай пайдаланушының атауы, оның орналасқан жері мен мекен-жайы;

2) уақытша басқаруды енгізу негіздері;

3) уақытша басқару ісінің басталуы және оның мерзімі;

4) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген уақытша басқару режиміндегі әуежай пайдаланушының басшы қызметкерлеріне өз жұмысы жөнінде есеп дайындау және осы құжаттарды уақытша әкімшілікке беру туралы н ұ с қ а м а .

6. Уақытша басқаруды енгізу туралы шешімге сот тәртібімен меншік иесі,

әуежай пайдаланушы немесе пайдаланушы акционерлерінің жалпы жиналысы уәкілеттік берген адам шағым жасауы мүмкін. Аталған шешімге шағым жасау уақытша басқаруды енгізу туралы шешімінің қолданылуын тоқтата тұрмайды.

7. Уәкілетті органның уақытша басқаруды енгізу туралы шешімі үш жұмыс күні ішінде осы баптың 3-тармағының екінші бөлігінде аталған қаражат есебінен, мемлекеттік тілде және орыс тілінде кемінде екі республикалық бұқаралық ақпарат құралында жарияланады.

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.04.15. N 45, 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-бап. Уақытша әкімшілік

1. Уәкілетті орган уақытша әкімшілік құрады, оның құрамына меншік иесі мен уақытша басқару енгізілетін әуежай пайдаланушының өкілдері кіруі мүмкін.

2. Халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежай пайдаланушының уақытша басқаруы қолданылатын кезеңде:

1) әуежайды пайдаланушының басқару жөніндегі барлық өкілеттігі уақытша өкімшілікке өтеді;

2) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының басқару жөніндегі құқықтары тоқтатыла тұрады;

3) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежай пайдаланушы басқару органдарының және оның басшы қызметкерлерінің өкілеттігі тоқтатыла тұрады;

4) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежай пайдаланушының атынан және есебінен уақытша әкімшіліктің сыртынан және жазбаша келісімінсіз жасалған мәмілелер жарамсыз деп танылады.

3. У а қ ы т ш а ә к і м ш і л і к :

1) осы Заңмен айқындалған құзыреті шегінде халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежай пайдаланушы қызметінің барлық мәселелері бойынша дербес шешім қабылдауға;

2) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежай пайдаланушының атынан шарттар жасасуға және құжаттарға қол қоюға;

3) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежай пайдаланушының атынан және оның мүддесінде өкілдікті, оның ішінде сотта да жүзеге асыруға;

4) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдалануға байланысты өндірістік мәселелерді бағалау үшін тәуелсіз сарапшыларды тартуға;

5) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушыны уақытша басқару кезеңінде Қазақстан Республикасының

заңдарына сәйкес, өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығаруға құқылы.

4. Халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының уақытша басқару мерзімі ішінде уақытша әкімшіліктің қызметін бақылауды:

1) халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушыны уақытша басқару кезеңіндегі қызметтің негізгі бағыттары туралы уақытша әкімшілікке ұсыныстар беруге;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уақытша әкімшіліктің өз қызметі және халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының қызметі туралы ақпарат беруін талап етуге;

3) уақытша әкімшіліктің атқарылған жұмыс туралы есебін тыңдап, бекітуге құқылы уәкілетті орган жүзеге асырады.

5. Уақытша әкімшілікті құрудың, оның қызметін ұйымдастырудың өзге де мәселелері Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

6. Уақытша әкімшілік мүшелері мен азаматтық авиация ұйымдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.05.15. N 253 Заңымен.

16-бап. Уақытша басқаруды тоқтату

1. Халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының уақытша басқаруы мынадай негіздер:

1) уәкілетті органның шешімімен белгіленген уақытша басқару мерзімінің аяқталуы;

2) уәкілетті органның уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім қабылдауы;

3) сот шешімінің заңды күшіне енуі бойынша тоқтатылады.

2. Халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушының уақытша басқаруын оның енгізілуін туғызған себептердің жойылуына байланысты (соның ішінде мерзімінен бұрын) тоқтату халықаралық авиарейстерді орындауға рұқсат берілген әуежайды пайдаланушыға қатысты уәкілетті орган немесе уақытша әкімшілік белгілеген барлық шектеулердің жойылуына негіз болады.

17-бап. Әуежайлар мен авиакомпаниялардың авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің жұмыс ерекшеліктері

1. Әрбір әуежай мен авиакомпанияның өз құрылымында тиісті қажетті техникалық құралдармен және кадр құрамымен жасақталған авиациялық қауіпсіздік қызметі болуы міндетті.

Азаматтық авиация ұйымдарының авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің

жұмысы уәкілетті органмен, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдармен олардың құзыретіне сәйкес өзара қатынаста жүзеге асырылады.

Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әуежай мен авиакомпанияның бірінші басшысы, сондай-ақ авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің басшылары дербес жауапкершілікте болады.

2. Азаматтық авиацияның барлық ұйымдары авиациялық қауіпсіздік қызметтеріне, олар авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде өздеріне жүктелген міндеттерді орындауы үшін, қажетті жағдайлар жасауға міндетті. Азаматтық авиация ұйымдары авиациялық қауіпсіздік қызметінің қызметтік міндеттерді орындауына кедергі жасауға құқығы жоқ.

3. Әуежайлар мен авиакомпаниялардың авиациялық қауіпсіздік қызметтері, авиациялық қауіпсіздік жөнінде белгіленген ережелерге сәйкес, азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу әрекетінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

4. Қазақстан Республикасының азаматы ғана авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысы болуы мүмкін. Әуежайлар мен авиакомпаниялардың авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшысын тағайындау мен қызметтен босату уәкілетті органмен және ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісе отырып жүргізіледі.

5. Азаматтық авиация ұйымдары авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің басшысы мен мамандарының қызметтеріне қойылатын біліктілік талаптарын Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісе отырып уәкілетті орган белгілейді.

4-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

18-бап. Осы Заңды бұзғандық үшін жауаптылық

Осы Заңның бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты болады.

19-бап. Өтпелі ережелер

1. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған азаматтық авиация ұйымдары осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл ішінде өзінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағының талаптарын орындамаған азаматтық авиация ұйымдары аталған тармақта белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап үш айдан кешіктірмей ұйымды қайта ұйымдастыруға немесе таратуға міндетті.

20-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК